

**Диссертациялық кеңестің 2023 жылғы
жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

Қазақ спорт және туризм академиясы жанындағы «8D014-жалпы дамудың пәндік мамандануы бар педагогтарды даярлау» мамандығы бойынша «8D01401 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығынан мамандар даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің 2022 жылғы 11-шілдедегі №315 бұйрығымен 2024 жылдың 31-желтоқсанға дейінгі мерзіммен бекітілді, ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындары жанындағы диссертациялық кеңестер тізіміне кіреді.

Қазақ спорт және туризм академиясы жанындағы диссертациялық Кеңестің тұрақты құрамы ҚазСТА Президентінің 2022 жылғы 9-желтоқсандағы №182 бұйрығымен бекітілген (өзгеріс. 27.02.2023ж. №32-П):

1. Кеңес төрағасы – Авсиевич В.Н., PhD философия докторы (6D010800), қауымдастырылған профессор.

2. Төрағаның орынбасары - Зәуренбеков Б.З., PhD философия докторы, (6D010800).

3. Кеңестің ғылыми хатшысы - Жуманова А.С., п.ғ.д. (13.00.04), профессор.

1. Өткізілген отырыстар саны - 5.

2023 жылы диссертациялық кеңестің 5 отырысы өтті, онда философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін үш диссертацияны алдын ала қарау және қорғау өткізілді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің Т.А.Ә. - жоқ.

3. Докторанттардың білім беру ұйымы көрсетілген тізімі (кесте)

№	Т.А.Ә.	Білім беру ұйымы	Шифр, мамандық	Қорғау күні	КОКНВО шешімі, №, бұйрық күні
1.	Бахтиярова Саягүл Жақсыбаевна	Қазақ спорт және туризм академиясы	6D010800-Дене шынықтыру және спорт	8.04.2023ж.	Беру, №258 бұйрық 05.06.2023ж.
2.	Гусаков Илья Вячеславович	Қазақ спорт және туризм академиясы	6D010800-Дене шынықтыру және спорт	8.04.2023ж.	Беру, №257 бұйрық 05.06.2023ж.
3.	Кошкинбаева Нұргүл Рыспаевна	М. Ауэзов ат. Оңтүстік-Қазақстан университеті	«6D012000 – Кәсіби оқыту»	10.05.2023ж.	Беру №542 бұйрық 14.09.2023ж.

4. Есеп беру жылы ішінде Кеңес қараған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1 С.Ж. Бахтиярованың диссертациялық жұмысына қысқаша талдау

1) қаралған жұмыс тақырыбын талдау.

С.Ж. Бахтиярованың ««Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру» диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені берілген еңбекте маңызды мәселе шешілуде, оның мәні - ЖОО-ның білім беру процесіне олимпиадалық білім беруді енгізу жолымен дене шынықтыру және спорт бойынша болашақ мамандарды даярлаудың олимпиадалық білім берудің мазмұны мен түсінігіне, сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеуге инновациялық тәсілдерді қолдануға негізделген жүйесін жетілдіру.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» 3.07.2014 ж. №228-V ҚРЗ Заңында (2017ж. 11 мамырдағы №65-VI күйі бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында (2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 қаулысы); Олимпиада Хартиясында (2020 жылғы 17 шілдедегі редакциясы, 4-тарау) көрсетілген міндеттермен байланысты.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі; теориялық курсты қолдану негізінде олимпиадалық білім беруді дамыту және жетілдіру әдістемесі («Олимпиадалық білім беру» оқу құралы, «Олимпиадалық білім негіздері» электронды-әдістемелік әзірлеме) және бірыңғай кешенді бағдарлама (олимпиадалық кроссвордтар, олимпиадалық викториналар, олимпиадалық іскерлік және зияткерлік ойындар, олимпиадалық сабақтар, олимпиадалық терминологияның алфавиттік-реттелген тізбесі) болып табылатын білім беру ұйымдарына арналған оқытудың практикалық құралдары, жоғары оқу орындарындағы, сондай-ақ әртүрлі білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау жүйесінде олимпиадалық білім беруді ұйымдастыру мүмкіндіктері туралы ғылыми түсініктердің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері Батыс Қазақстан Орал қ. М.Өтемісов атындағы университеттің оқу процесіне енгізілді. Университеттің оқу жұмыс жоспарына «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенттеріне арналған «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні енгізілген.

4.2 И. Гусаковтың диссертациялық жұмысына қысқаша талдау.

1) қаралған жұмыс тақырыбын талдау.

И.В. Гусаковтың «Біліктілігі жоғары жүзушілердің күштік және шапшаңдықты-күштік даярлығын жетілдіру әдістемесі» / «Методика совершенствования силовой и скоростно-силовой подготовки пловцов высокой квалификации» диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені ол жарыстарға даярлық кезінде кәсіби жүзушілердің жаттығу процесінің тиімділігін арттыруға арналған, жаттығу процесін құрудың авторлық моделі басқа спорт түрлері спортшыларының дене даярлығы үшін негіз бола алады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Докторанттың зерттеу тақырыбы ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі №228-V ҚРЗ Заңына (01.07.2021ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен); ҚР Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Тұжырымдамасына; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 сәуірдегі 2020 жылғы №242 «дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Жүзудің заманауи әлемдік бағыттары негізінде әзірленген 16-20 жастағы жүзуші спортшылардың күштік және шапшаңдықты-күштік даярлығын жетілдірудің авторлық әдістемесі олардың жалпы және арнайы дене қасиеттерінің деңгейін арттыру есебінен біліктілігі жоғары жүзушілердің спорттық даярлығын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Әдістеме ҚР Су спорты федерациясының, ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің, «Алматы» олимпиадалық даярлау орталығының РМҚК және Алматы қаласы спорт басқармасының «№5 БЖСМ СК» МКҚК оқу-жаттығу процесіне енгізілді, бұл туралы 4 енгізу актісі куәландырады.

Н.Р. Көшкінбаеваның диссертациялық жұмысына қысқаша талдау.

1) қаралған жұмыс тақырыбын талдау.

Н.Р.Көшкінбаеваның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені ол маңызды міндеттердің бірі – тұлғаға бағдарланған құзыреттілік, жүйелілік, орта негізінде құрылған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін, процессті, синергетикалық, аксиологиялық тәсілдердің қазіргі қоғамның, мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асырылуын қалыптастыру болып табылады.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР «Педагог мәртебесі туралы», «Білім туралы» Заңында, ҚР Білім және ғылым министрінің «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында; «Білімді ұлт «Сапалы білім беру» ұлттық жобасында; «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасы «Педагогтың кәсіби стандарты» бұйрығына қосымшада, «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» бағдарламасында көрсетілген міндеттермен байланысты.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Көркемдік-шығармашылық бағытты болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әзірленген құрылымдық моделі көркемдік-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық ұстанымдарына, мазмұны мен іс-әрекеттеріне сәйкес рефлексивті бағалау, кәсіби құзыреттілік, мотивация, қызмет құрылымдарының өзара тығыз байланысымен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын құру барысында үлкен маңызға ие.

«Көркем шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен мен оқу-әдістемелік құрал М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің білім беру процесіне енгізілген.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау.

Диссертациялық жұмыстар бойынша ресми рецензенттер диссертациялық кеңестің отырысында бекітілді. Рецензенттер дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі саласында елеулі үлес қосқан, докторанттарды зерттеу саласында кемінде 5 ғылыми мақаласы бар жетекші ғалымдардан тағайындады, олардың мамандығының шифры докторанттардың мамандығына сәйкес келді. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық Кеңес олардың тәуелсіздік қағидатын басшылыққа алды.

Рецензенттер диссертацияны және докторанттардың жарияланған жұмыстарын зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске Комитеттің талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша пікірлер ұсынды, оларда диссертациялық жұмыс тақырыбының ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі, жұмыстың ғылым үшін маңыздылығы, дербестік деңгейі, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, шынайылық, практикалық құндылық қағидаттары бағаланды; негізгі тұжырымдардың негізділігі, сондай-ақ диссертация жазу және ресімдеу сапасы бағаланды. Рецензияларды «6D010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия

докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берілді. Рецензенттердің барлық пікірлері сапалы деңгейде орындалды және қойылған талаптарға толық жауап берді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Дене шынықтыру және спорт бойынша ғылыми-педагогикалық мамандардың жетіспеушілігіне байланысты жыл сайын «Дене шынықтыру» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу үшін мемлекеттік гранттар бөлу қажет.

7. 8D014 мамандарды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны:


- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар - 3.
- 2) қараудан алынған диссертациялар - жоқ.
- 3) рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар - жоқ.
- 4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімі бар диссертация - жоқ.
- 5) пысықтауға бағытталған диссертациялар - жоқ.
- 6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар - жоқ.

**Диссертациялық Кеңестің
төрағасы,
PhD философия докторы,
қауымд. профессор**



Авсиевич В.Н.

**Диссертациялық Кеңестің
ғылыми хатшысы,
п.ғ.д., профессор**



Жуманова А.С.

8 қаңтар 2023 ж.

